

Қ.А. Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік
университеті

Кафедра: Жалпы жәрдем

Тақырыбы: Қайғылы оқиғалардағы
шұғыл жағдайлар. Суға бату. Түншығу

Қабылдаған: Қадырова Ш. А

Орындаған: Сайдалиев Ж

Тобы: ЖДП- 510

Жоспар

I. Кіріспе

● II. Негізгі бөлім:

Суға кету кезіндегі алғашқы жедел жәрдем

Суға шомылу кезіндегі ережелер

Күн өту кезіндегі алғашқы көмек.

● Тыныс алу жолдарындағы немесе өңештегі бөгде заттар

● Тұншығу кезіндегі алғашқы көмек.

● III. Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер

Кіріспе

- Адам қайғылы жағдайға кез келген жерде: үйде, көшеде, жолда, көлік апаттары кезінде немесе т.б. ұшырауы мүмкін. Алғашқы медициналық көмектің негізгі мақсаты – адам өмірін құтқару. Ең бастысы – алғашқы секундтарда дұрыс әрекет етуге үйрену, дәрігерлер келгенше апатқа ұшыраған адамның өмірін сақтап қалу. Келесі кеңестер өзіңізге, жолдасыңызға басқа да көмекті қажет ететін кез келген адамға алғашқы көмекті дұрыс көрсете алуға септігін тигізеді.

● **Суға кету** – адам суға (басқа сұйықтықта сирек) толық батып және су әсерінен ағза жүйелерінің өмірлік маңызды функцияларының (орталық жүйке жүйесінің, тыныс алудың, қан айналымының) бұзылуынан болатын зорлықпен келетін өлім түрі.

Суға кетуді «дымқыл» (шынайы), «құрғақ» және синкопальді түрлеріне бөледі. Олар тек пайда болу механизмімен ғана емес, өте маңызды болып табылатын алғашқы көмек көрсету ережелерімен де ерекшеленеді. Суға бату - ол оттегі жетіспеу себебінен тұншығудан науқас өледі. Тыныс алу жолдары сумен толады.

● Бату - мүмкін үлкен ағыстағы ағынды суларда ересектерге қарағанда жас балаларда көп кездеседі.

«ДЫМҚЫЛ» СУҒА КЕТУ ЕҢ ҚАУІПТІСІ.

Адамның өкпесіне көп мөлшерде су кеткен кезде пайда болады. Мұндай жағдай көбінесе жақсы жүзетін адамдарда қол-аяқ тартылған кезде, су ағысы қатты болғанда, су иіріміне түсіп кеткен кезде болады. Судың бетіне шығып, батып бара жатқан адам суды жұта асығыс тыныс ала бастайды, ал су тыныс алу жолдарын толтырып, ауаның өкпеге баруына кедергі жасайды. Мұндай жағдайларда адамның тері жабындысы көгереді, аузы мен мұрнынан кеуде қуысын басқан кезде көп мөлшерде көбікті сұйықтық бөлінеді (көбінесе қан аралас).

Есте сақтаңыз: егер зардап шеккен адамның беті көгеріп кетсе, ең алдымен, өкпесіндегі суды алу керек. ол үшін науқасты өзіңіздің бүгілген аяқтарыңызға оның басы мен денесі төмен тұратындай етіп, ал сіздің жамбасыңыз оның төменгі қабырғаларын басатындай етіп жатқызыңыз. Содан соң арқасын су толық шығып болғанша басыңыз. Дереу жасанды тыныс алу мен жүректі уқалауға кірісіңіз.

● Суға батуы 1 минуттан аспаса науқасты 90% құтқаруға болады. Суға бату ұзақтығы 6-7 минут болса, 1-3% құтқаруға мүмкіншілік болады.

● **Суға бату. Сіздің іс-әрекетіңіз:**

- 1. Зардап шеккен адамның бетін төмен қарату, басын жамбасынан төмен орналастыру
- 2. Ауыз қуысын бөгде заттардан тазарту, тіл түбірін басу (құсу рефлексін тыныс алуды стимулдау үшін).
- 3. Құсу және жөтел рефлексі пайда болған жағдайда тыныс алу жолдарынан және асқазаннан суды шығару.
- 4. Егер құсу және жөтел рефлексі болмаса реанимация шараларын жүргізу керек (жасанды дем алдыру және жүрекке жанама массаж жасау).
- 5. Демеу емдеу мекемесіне жеткізу



Суға кетудің «кұрғақ» түрінде судың біраз мөлшері көмейге түсіп, дыбыс саңылауының рефлекторлық қысылуын тудырады да, сұйықтық өкпеге өтпейді. Суға кетудің құрғақ түрінде адам есінен танады. Мұндай жағдайда адамның белсенді қарсыласу мүмкіндігі болмайды және ол судың түбіне батып кетеді. Бұл суық суға секірген кезде, суға кездейсоқ құлап үрейленген кезде, тамақты тоя ішіп суға түскен кезде болуы мүмкін.

Егер науқастың беті бозарып, ернінде көбік болмаса, оның суға тырбандамай батқанын көрсеңіз, ондай жағдайда ауыз қуысын судан және шырыштан тазартып, тамыр соғысы бар болса, арқасынан қағып немесе мүсәтір спиртің, я болмаса кез келген өткір иісті (әтір, иіссу, бензин) иіскету жеткілікті. Егер тамыр соғысы жоқ болса, дереу жасанды тыныс алуға және жүректі уқалауға кірісу керек.

Синкопальді суға кету

тамыр қысылуынан жүректің рефлекторлы тоқтауы кезінде болады. Суға кетудің құрғақ түрінен тек пайда болу механизмімен ерекшеледі, алғашқы көмекте сол сияқты жан сақтау шаралары жасалады.

Кез келген суға кету кезінде өлімнің екі сатысын ажыратады. Суға кеткен адамның сыртқы түрі судан тез алынған кездің өзінде өлген адам сияқты болады. Соған қарамастан, ол клиникалық өлім сатысында деп есептеп, дереу тірілту шараларын қабылдау керек.



Алғашқы жедел жәрдем көрсету

- Зардап шеккенге алғашқы көмекті судан көтеріп, жағаға немесе катерге жеткізгенше көрсету керек.
- Зардап шеккеннің жағдайын толық білу қажет.
- Зардап шеккен адамның әзір есі болса, үстін құрғатып сүртіп, жылы жерге әкеліп, ыстық шәй, кофе немесе шарап беру керек.
- Ал егер, зардап шеккен адам көп уақыт бойы су астында қалып, ессіз жатса, егер ол тұншығып (асфиксия) немесе клиникалық өлім жағдайында болса, дереу дәрігер шақыру керек.
- Дәрігер келгенше уақытты жоғалтпай, зардап шеккенге алғашқы көмек көрсетуді бастау керек; зардап шеккен адамды шешіндіріп, оның ауыз-мұрнын лай-құмнан тазартып, ұртына таза орамалдан істелген білекше немесе кесек ағаш салу керек; тез арада өкпеге жасанды дем беруге кірісу керек.



«Ауыздан ауызға» жасанды дем беру техникасы

- Бір қолды зардап шеккеннің маңдайына, екінші қолды иегіне қойып, басын шалқайтып, төменгі жақты жоғарғы жаққа көтеріп, қысу керек.
- Саусақтармен иегін ұстап, төменгі ерінді қысып зардап шеккеннің ауызын жабу керек;
- Ауаны терең алып зардап шеккеннің мұрнын ауызбен жауып «ауа шықпайтын күмбез» жасау қажет;
- Зардап шеккеннің мұрнына қатты дем жіберу керек.
- Ауызға немесе мұрынға орамал, мата арқылы дем беру, ауа өтуін қиындатады. Жасанды дем берудің «ауыздан ауызға» немесе «ауыздан мұрынға» жасалатын қарапайым шарты — зардап шеккенге ең ыңғайлы әдіс.



«Ауыздан мұрынға» әдісімен жасанды дем беру.


- Құтқарушыда арнаулы жабдықтар болса, зардап шеккенді арқасына жатқызып, жауырын арасына білік қойып, басын шалқайтады.
- Ауа шығарғыш (арнаулы) бір шетімен зардап шеккеннің ауызына кіргізіледі. Ауа шығарғышты тіс арасынан жоғарғы иілген жағымен төмен, содан кейін ойысқан жағын төмен айналдыру керек.
- Ауа шығарғыш дұрыс орналастырса, тіл ауыздың түбіне қыстырылуы керек, тілдің тыныс жолын жауып тастамауы керек. Зардап шеккеннің мұрынын екі жағынан саусақпен қысу керек.
- Терең демалып, ауа шығарғыштың шетін ауызға алып, зардап шеккенге дем беру керек, көмек беруші ауызын ауа сорғыштың шетін босатуы керек.
- Құтқарушы жалғыз адам болса, жасанды дем берумен жүрек уқалауы 1:4, 1:6 көлемінде, 1 демалыста 4-6 сылау қозғалысы, басқа да 2:15 көлемінде, тек 1 минутта 16-18 дем және 70-72 сылау қозғалысы болуы қажет.

Жүректі уқалау


- Жүрек екі сүйек құрылыс арасында орналасқан: төс сүйек және омыртқа жотасында.
- Егер адамды клиникалық өлім күйінде қатты жерге (еден, стол, керуеттің шеті) арқасымен жатқызса, ал үшінші астыңғы бөлігінің төс сүйегін екі қолмен бар күшпен басып тұру керек, сонда төс сүйек 3-5 см иіледі, жүрек сыртқы сүйектер арасында басылады – жасанды сығылу болады, демек жүректің систоласы, жүректің систоласы кезінде қан оның қуыстарынан ірі күретамырларға ығыстырылады. Колды төссүйектен жіберген уақытта, диастола болады, сол уақытта қан ірі тамырлардан жүрек қуысына құйылады.

Сильвестр әдісімен жасанды тыныс алдыру.

Осындай қозғалыстар минутына шамамен 16рет жасалады. Егер жасанды тыныс алдыруды бір адам жасаса, ол зардап шегушіге тізерлей қарама қарсы тұрады, оның қолын көтеріп осындай қозғалыстар жасайды.



а




б



в



г



Суға шомылу кезіндегі ережелер

- Тек қана суға шомылу үшін бөлінген жағажайлар мен орындарды пайдаланыңыздар.
- Қоршау белгілерінен әрі бармаңыздар, тыйым салынған орындарда суға шомылмаңыздар, моторлы қайықтарға жақын жүзіп бармаңыздар - бұл өміріңізге қауіпті.
- Мас күйде суға шомылуға тыйым салынады.



Рұқсат етілмеген жерде
шомылмаңыздар!



Шомылып жүрген балаларды
қараусыз қалдырмаңыз!



Жалған сигнал бермеңіздер!



- **Тұншыққандағы (асфиксиядағы) алғашқы көмек**
- Тұншығу (асфиксия) – бұл оттегінің жетіспеуіне және организмнің қаны мен тіндерінде көмірқышқыл газының артуына жетелейтін тыныс алу қиындығы. Тұншығу тері жамылғыларының көгеруімен бірге өтеді. Астмадағы тұншығу әдетте түнде болады, күндіз сирек ұшырасады.

● *Алғашқы көмек*

- бронхиалды немесе жүрек астмасында науқасты отырғызады, таза ауа келуін қамтамасыз етіп, аяғын ыстық суға салады;
- көмейдің аллергиялық ісінуінде шұғыл дәрігер шақыртқан жөн;
- егер тұншығуды бөгде зат шақырса, оны алып тастауға тырысады. Егер зат көрінбесе, науқасты алға еңкейтіп, итерілу күйде қабырғаның төменгі сызығынан қолмен қысады. Өкпеде қалған ауа бөгде затты сыртқа итеріп шығарады;
- күш қолданылған, зорлық тұншығуында зардап шегушіні дем алдырмайтын заттан (көмейін қысқан заттан, мойнындағы арқаннан және т.б.) тез босатып, дәрігер шақырады.

Күн өту және ыстық өту

Күн өту және ыстық өту- организмге қызу өтуден пайда болатын сырқат. Балаларға, етженді адамдарға, жүрек-қан тамырлары ауруымен және эндокринді аурулармен ауырған адамдарға қызу өткіш келеді. Әсіресе, шақырайған сәулеге басты қыздырғанда күн өтеді.

- 1 Жалпы сипаттама
- Күн өту көбінесе, ыстық қапырық ауадан және күн көзінде көп жүруден болады. Әсіресе ыстыққа төзімсіз немесе ауыр дене еңбегімен айналысатын (құрылыс алаңдарында жұмыс істейтін) адамдарға күн жиі өтеді. Сондай-ақ күн сәулесімен нашар шағылысатын қара-қоңыр түсті киім немесе ауа өткізбейтін және тердің булануына бөгет жасайтын киім де организмге ыстық өтуіне себепші болады. Жабық бөлмеде де жоғары температурада және ауаның ылғалдылығы жоғары болғанда да (ыстық цехтарда жұмыс істегенде) ыстық ұруы мүмкін.

Күн өту және ыстық өтудің белгілері

- Сырқаттың жеңіл дәрежелі түрінде:
- әлсіздік;
- бас ауыру;
- жүрек айну;
- дем алу мен тамыр соғуының жиілеуі;
- дененің терлеуі.
- Сырқаттың орташа дәрежелі түрінде:
- еңсенің түсуі;
- бастың қатты ауыруы;
- лоқсу және құсу;
- құлақтың бітуі;
- қорғаншақты қозғалыс;
- дем алу мен тамыр соғуының жиілеуі;
- кей кездері - талып қалу.





Алғашқы жәрдем

- Күн өту және ыстық өту белгілері білінгенде дереу дәрігер шақырып немесе ауырған адамды жақын маңдағы емханаға жеткізген жөн.
- Дәрігер келгенше науқасты көлеңкеге немесе салқын бөлмеге жатқызып, үстіңдегі тар киімін шешу керек.
- Басына, шүйедесіне, қолтығына мұз салынған немесе салқын су құйылған грелка қойған жөн.
- Науқас адамды ылғалды ақжаймамен орауға да болады; сусынды - тұзды салқын суды, салқын шайды, кофені көбірек ішкен дұрыс.
- Ыстық ұрған адамның тыныс алуын күшейту үшін салқын суға малынған сүлгімен немесе орамалмен жағынан шапалақтап ұрады, мүсәтір спиртіні іскетеді, оттегін жұтқызады, денесін ысқылайды.
- Дәрігер келгенге дейін бір шай қасық кордиамин, 10 проценттік кофеин ерітіндісінің екі ампуласын ішкізуге болады.
- Егер тыныс алуы қиындай түссе, қолдан дем алдыру керек.
- *Толық мақаласы: Алғашқы жәрдем*
- Сырқаттың жеңіл және орташа дәрежелі түрінде уақытылы көмек көрсетілсе науқас адам тез қалыпты жағдайына келеді. Ал ауыр дәрежелі түрінде уақытылы көмек көрсетілмесе адам өмірін сақтап қалу мүмкін болмайды.

- **Үсік шалу** дегеніміз төменгі температураның ықпалынан ұлпалар мен органдардың зақымдануы. **Сіздің іс-әрекетіңіз:**1. Адамды жылы көрпеге ораңыз.2. Оған ыстық шәй немесе кофе беріңіз.3. Құрғақ матадан жасалған орамалмен терісі қызғанша уқалау.4. Ал егер өзіңіз зардап шегіп қалсаңыз, мүмкіндігінше ыстық ваннаға түсіп және орамалмен құрғақтай денені сүртіп жіберіңіз.

Электр торы немесе найзағайдың соғуы,

Тұрмыстық электр приборларын олақ пайдалану немесе аңдаусыз ұстағанда адам ток зақымдауы мүмкін. Электр тогының соғуынан алған зақымдану жеңіл болған жағдайда сым тиген жер қызарыс ауырады (күйелі), зақымданған адамның өңі қуарып, бойын үрей билейді. Ауыр зақымданған жағдайда күйік ұлғайып, ток ұрған жердегі дененің ткані қарайғаны байқалады, адам талықсып, сіңірі тартылады, тыныс алуы мен жүрек соғуы тоқтал қалуы мүмкін. Зақымданудың ауырлығы, негізінен, токтың күшіне және оның ұру ұзақтығына байланысты.

Алғашқы көмек көрсеткенде ең алдымен электр тогының әсерін тоқтату керек. Бұл қажет, өйткені электрсымы тартқанда зақымдалушы адамның көбінесе босанып шығуға дәрмені жетпейді. Көмек көрсетуші адам өз басының қауіпсіз болу ережесін де сақтауы керек. Ток келіп тұрған көзді тоқтату үшін ажыратқыш-қосқыш тетікті, тығындарды, рубильникті ажыратыл, көмек көрсетуші адам қолын (резина қолғап киіп немесе құрғақ жүн матамен ұстайды) және аяғын (резина етік киеді) ток ұрмайтындай еткеинен кейін ғана зақымданушы адамды токтан тартып ажыратуы не болмаса зақымданушы адамды басқа да тәсілдермен ток көзінен ажыратуы керек (мысалы, кез келген құрғақ ағаш затпен ток сымын басқа бір жаққа бұру).

● Қорытынды

- Тіршілік әрекетін қамтамасыз етудегі қазіргі мемлекеттің ролі. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелеріндегі азаматтық сана-сезім деңгейінің, адамгершіліктің және қоғамның барлық мүшелері мәдениетінің маңызы. Ғылыми- техникалық прогрестің, қоғамның игілігі мен зияткерлік потенциалы өсуінің табиғи және техногенді сипаты пайда болатын алапаттар санының және олардан келетін зиян масштабтарының ұлғаюына әсері. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету проблемаларының маңыздылығы. Қазіргі өндіріске тән ерекшеліктер, қауіпті және зиянды факторлардың құрылу аймақтары. Өндірістік ортаның жағымсыз факторлары, олардың адамдарға әсерін бағалау.

● Қолданылған әдебиеттер:

- 1) Қ.С.Қалжігітов, А.М.Төлемісова, Н.Г. Приходько, К.Ш.Исаев.
- «Өмір тірішілік Қауіпсіздігі». Оқулық. Алматы 2004 ж.-256 б.
- 2) С.Тайжанов. “Өмір Қауіпсіздігі негіздері”. Оқу-әдістемелік құрал. Алматы. –2004 -254 б.
- 3) Ю.В.Репин, Р.Шабунин. “Тосын жағдайда адам өмір қауіпсіздігін сақтау”. Алматы, Демеу, 1994 .
- 4) ғаламтор.

*Назарларыңызға
рахмет!!!*

Бақылыу сұрақтары

- Суға бату кезіндегі алғашқы көмек көрсетіңіз?
- Электр жарақаты кезінде науқасты алғаш қандай көмек көрсету керек?
- Күн өту және ыстық өту дегі алғашқы көмек